



Қазақстан Республикасының сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетенді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетенді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

АУДАН ТЫНЫСЫ

АУЫЛ КӨШЕЛЕРІНЕ ЕРЛЕР ЕСІМІ БЕРІЛДІ

ЕСЕТ АУЫЛЫНДА ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ – АУДАНБАЙ РАУШАНОВ ПЕН ОТАРБАЙ СМАЙЛОВҚА, БЕЙБІТ ӨМІРДЕ ҚЫЗМЕТТІК БОРЫШЫН АТҚАРУ КЕЗІНДЕ ЕРЛІКПЕН ҚАЗА ТАПҚАН ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚАЙРАТ БЕКЕНОВКЕ КӨШЕ АТАУЛАРЫ БЕРІЛДІ.

Атаулы шараға аудан әкімі Рахымжан Шалбаев, Маңғыстау облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Алмас Мұқан, аудандық мәслихат төрағасы Ардақ Бораш және ауыл тұрғындары мен жастар қатысты.

Ел басына күн туып, етікпен су кешкен заманда елінің амандығы мен жерінің бүтіндігін қорғаған ерлерін еске алу – елдік дәстүр. Келер ұрпағымыз Отанының патриоты болсын деген ізгі тілекпен ерлік қашанда елге аманат екендігі көрсетіле бермек. Ерлер есімін ұлықтау – бүгінгі ұрпақтың алдындағы парыз, айнымас міндет. Елі мен жерін қорғаған азаматтардың ерен ерліктері – туған жерге адалдықтың, жауапкершіліктің, Отанына деген сүйіспеншіліктің символы.

Батырлар есімін мәңгі есте қалдырып, келешек ұрпаққа дәріптеу мақсатында ауыл көшелеріне атау беру – өткенге тағзым, ерлікке құрмет, елдік пен бірліктің өнегесі болмақ.

Салтанатты шарада отан қорғаушылар мен қоғамдық қауіпсіздік

жолында қызмет еткен азаматтардың ерлік істері мен бейбіт өмірдегі еңбектерін ұлықтаудың маңызы атап өтілді.

Ауданбай Раушанов 1941 жылы майданға аттанып, Сталинград және Курск шайқастарына қатысқан. Украина мен Польшаны азат ету жолындағы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін Қызыл жұлдыз және III дәрежелі «Данк» ордендерімен марапатталып, соғыстан кейін мұнай саласында еңбек еткен.

Ал, Отарбай Смайлов 1943 жылдан бастап 1-Беларусь майданы құрамында соғысқан. Майдандағы ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталды. Бейбіт кезеңде де ұзақ жылдар еңбек етіп, ел құрметіне бөленген.



Қайрат Бекенов 2002 жылдан бастап ішкі істер органдарында қызмет атқарған. 2008 жылғы 11 желтоқсанда қылмыскерлерді ұстау кезінде қызметтік міндетін орындау барысында қаза тапты. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қаза тапқаннан кейін III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Іс-шара барысында батырлардың есімдері жазылған тақтайшалар берілген көшелерге ілініп, олардың өмір жолы мен ел алдындағы еңбегі еске алынды. Ерлігі – үлгі, өмірі – өнеге болған батырлардың ерлік істері келешек ұрпаққа тағылымды тәрбие, елге мұра болып қалары сөзсіз.



СЫҢҒЫРЛАУ АУЫЛЫНДА ТҮРҒЫНДАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ӨТКІЗУІНЕ ЖӘНЕ ІШКІ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАҒЫ БІР МАҢЫЗДЫ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫП, ШІЛДЕ АЙЫНАН БАСТАП АУЫЛДЫҢ ЕКІНШІ БӨЛІГІНДЕ «САН-ЖАР» ДЕМАЛЫС ОРНЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ.

ЖАҢА ДЕМАЛЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Қазіргі таңда демалыс орнында Сыңғырлау ауылының 20-ға жуық тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл ауылдағы жұмыспен қамту деңгейін арттыруға және тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға өз үлесін қосуда. Жаңа нысанның ашылуы әсіресе жастар үшін маңызды, өйткені ауыл ішінде еңбек етуге мүмкіндік көбейіп келеді.

«Санжар» демалыс орнының басты ерекшелігі – мұнда барлық жастағы демалушыларға қолайлы жағдай жасалған. Балалар үшін арнайы ойын алаңдары, батуттар, сырғанақтар мен әткеншектер орнатылып, жалға берілетін ағаш үйлер келушілердің қолайлы демалуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар атпен серуендеу қызметі де ұсынылып, табиғат аясындағы тынығуды қалайтындарға ерекше әсер сыйлауда.

Демалыс орны күн сайын таңғы сағат 10:00-ден түнгі 24:00-ге дейін үздіксіз қызмет көрсетеді. Мұнда ұлттық және күнделікті сұранысқа ие тағамдардың кең тандауы бар. Бүгінде жаңа демалыс орнына күн сайын шамамен 100-150 адам келіп, бос уақыттарын тиімді өткізуде. Бұл тұрғындардың жаңа нысанға деген қызығушылығы жоғары екенін аңғартады. Әсіресе жазғы демалыс кезінде балалардың

ойын алаңдары мен бас-сейіндерге сұранысы артауда. Жаңа нысан ауыл тұрғындары мен қонақтарына жайлы демалыс ұйымдастырумен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп отыр.

Демалыс орнының басшысы Руслан Көкімбетовтің айтуынша, кәсіпкерліктің негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсету мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу.

– Ауыл тұрғындарының жақсы пікірлері бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Ең бастысы – жерлестерімізге жайлы демалыс пен ауыл азаматтарының жұмыспен қамтылуы. Алдағы уақытта қызмет түрлерін көбейтіп, демалыс орнының мүмкіндігін кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Ел игілігі үшін еңбек ету – біздің басты міндетіміз, – дейді Руслан Көкімбетов.

Соңғы жылдары ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті қолдау мен халыққа қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылған.



«Санжар» демалыс орны – осындай бастамалардың бірі. Бұл жоба ауыл тұрғындарының мәдени демалысын ұйымдастыруға, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне және ауылдың туристік әлеуетін арттыруға ықпал ететін маңызды нысандардың бірі болмақ.

Сонымен қатар жаңа демалыс орнының іске қосылуы ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға, шағын және орта бизнестің дамуына, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарының ашылуына оң әсерін тигізіп отыр. Алдағы уақытта көрсетілетін қызмет түрлері кеңейсе, демалушылар саны да арта түспек.





МАҢҒЫСТАУ ТҰРҒЫНДАРЫ САЙЛАУ УЧАСКЕСІН ОНЛАЙН БІЛЕ АЛАДЫ

Маңғыстау облысының тұрғындары өздерінің қай сайлау учаскесіне тіркелгенін, сондай-ақ учаскенің нөмірі мен орналасқан жерін онлайн режимде біле алады.

Ол үшін <https://sailau.e-mangystau.kz/> сайтына немесе https://t.me/man_saylaw_bot/ Telegram-ботына кіріп, арнайы жолаққа жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу жеткілікті.

Егер аталған платформалардан азамат туралы ақпарат табылмаса, тұрғылықты жері бойынша жергілікті әкімдіктердің CALL-орталықтарына хабарласуға болады.

Ақпараттық қолдау келесі байланыс нөмірлері арқылы көрсетіледі:

АҚТАУ ҚАЛАСЫ

Мекенжайы: 4-шағын аудан, №72 ғимарат, Ақтау қаласының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (7292) 30-13-38, 8 (700) 430-13-38.

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ

Мекенжайы: Сәтпаев көшесі, №1 ғимарат, Жаңаөзен қаласының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (72934) 4-86-14.

БЕЙНЕУ АУДАНЫ

Мекенжайы: Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, №10/1 ғимарат, Бейнеу ауданының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (72932) 2-15-76.

ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ

Мекенжайы: Құрық ауылы, Досан батыр көшесі, №8 ғимарат, Қарақия ауданының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (72937) 2-21-91.

МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ

Мекенжайы: Шетпе ауылы, «Орталық» шағын ауданы, №2 ғимарат, Маңғыстау ауданының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (72931) 2-14-51.

МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ

Мекенжайы: Маңғыстау ауылы, 16-квартал, №11 ғимарат, Мұнайлы ауданының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (7292) 46-62-31.

ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫ

Мекенжайы: Форт-Шевченко қаласы, Д.Тәжіұлы көшесі, №13 ғимарат, Түпқараған ауданының әкімдігі.
CALL-орталығы: 8 (72938) 2-22-90.

109 бірыңғай байланыс орталығы
Байланыс нөмірі: 109.

**ЕҚЫҰ**

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Астанадағы Бағдарламалар офисі

СІЗДІҢ МЫНАНЫ БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН!

АДАМ САУДАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

- мәжбүрлі еңбекті пайдалану;
- сексуалдық қанау, жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту;
- қайыр сұрауға мәжбүрлеу;
- құқыққа қайшы әрекет жасауға мәжбүрлеу;
- заңсыз бала асырап алу;
- трансплантация үшін адам ағзалары мен тіндерін заңсыз алу

АДАМ САУДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- еңбек шартының болмауы, нормаланбаған жұмыс кестесі;
- құжаттарын, табысын алып қою;
- жүріп-тұру бостандығын шектеу, қандай да бір адаммен қарым-қатынасын бақылау;
- психологиялық қысым көрсету

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ПАЙДАЛАНАТЫН ЫҚПАЛ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІМЕН ТӘСІЛДЕРІ:

- алдау;
- бопсалау;
- күштеп зорлық-зомбылық көрсету немесе оны қолданумен қорқыту;
- борышкерлік тәуелділік;
- адам ұрлау, заңсыз бас бостандығынан айыру



**ЕГЕР СІЗ ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛСАҢЫЗ,
102 НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАҢЫЗ.**

**ҚЫРАҒЫ БОЛЫҢЫЗ,
ӨЗІҢІЗДІ АЛДАУҒА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!**



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Varro Operating Group» ЖШС келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды: «Боранкөл газ өңдеу зауытын кеңейту/жаңғырту. Төмен температуралы бөлу қондырғысын (ТТБК) енгізу. Сирг сац -1 газ шығынын өлшеу жүйесін жаңғырту» ҚОҚБ.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранкөл а., Мәдениет үйінің ғимаратында өтеді.

Өткізілетін күні мен уақыты: 21.08.2026 ж., сағат 15.00-де өтеді. Ықтимал әсер ету аймағы Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранкөл а. гео.координаттары с.е. 45°45'26" ш.б. 53°54'1.2664"

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/83990311979?pwd=eY3C3UBCoo0K8J8uDxyq9zcbbnN4MQ.1> конференция идентификаторы: 839 9031 1979 Кіру коды: 827151

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Жобалық құжаттамамен ақпараттық жүйеде немесе ТРЖҰДБ арқылы танысуға болады.

ескерту мен ұсыныстар ТРЖҰДБ және s.bazarbay@mangystau.gov.kz қабылданады. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Varro Operating Group» ЖШС, тел. +7 777 703 0464 e-mail: a.telmanova@btmg.kz. БСН: 220340009653

Жобаны жасақтаушы «PRIME CAPITAL CORPORATION» ЖШС, e-mail: PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21 БСН 200240021010

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: PrimeCompanyLTD@mail.ru және тел. +7 701-763-32-21

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Varro Operating Group» объявляет о проведении общественных слушаний проекта: РООС к «Расширение /модернизация Боранкольского газоперерабатывающего завода. Интеграция установки низкотемпературной сепарации (УНТС)». Модернизация системы измерения расхода газа сирг сац -1/»»; Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Бейнеуский район, с. Боранкул, в здании Дома культуры Дата и время проведения: 21.08.2026г. в 15.00 часов. Территория потенциально-го воздействия Мангистауская обл., Бейнеуский район, с. Боранкул гео.координаты с.ш. 45°45'26" в.д. 53°54'1.2664"

В случае карантинных ограничений можно подключиться онлайн на платформе ZOOM, по ссылке: <https://us06web.zoom.us/j/83990311979?pwd=eY3C3UBCoo0K8J8uDxyq9zcbbnN4MQ.1> Идентификатор конференции: 839 9031 1979 Код доступа: 827151 Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа:

С материалами проектной документации можно ознакомиться на Информационной системе или НБДСОС

Замечания и предложения принимается на НБДСОС и s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Varro Operating Group» +7 777 703 0464 e-mail: a.telmanova@btmg.kz. БИН: 220340009653

Проектная организация: ТОО «PRIME CAPITAL CORPORATION» эл.почта. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21 БИН 200240021010

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: PrimeCompanyLTD@mail.ru и тел. +7 701-763-32-21

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЖАҢА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

МЕМЛЕКЕТ БАС-
ШЫСЫ 2026 ЖЫЛҒЫ
19 МАМЫРДА ҚОЛ
ҚОЙҒАН «ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ 2026 ЖЫЛҒЫ
1 ШІЛДЕДЕН БАС-
ТАП ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛЕДІ.

Жаңа заңның басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік қызметтің сервис және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделіне көшу. Сонымен қатар қазақстандық патриотизмді нығайту, кәсібилік, адалдық, ашықтық қағидаттарын орнықтыру, кадрлық процестерді толық цифрландыру және сыбайлас жемқорлық пен мүдделер қақтығысына мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілген.

Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру мақсатында көлденең (горизонтальды) мансаптық ілгерілету тетігі енгізіледі. Бұдан былай мемлекеттік қызметшінің кәсіби дамуы, біліктілігін арттыру нәтижелері, білімін жетілдіруі және қызметтік жетістіктері

мансаптық өсу барысында негізгі өлшемдердің бірі ретінде ескерілетін болады. Сонымен қатар бір лауазым шеңберінде лауазымдық деңгейлер бойынша кезең-кезеңімен мансаптық өсу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл тәжірибелі әрі нәтижелі қызметкерлерді ынталандырудың тиімді құралына айналады.

Жаңа заң мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қолдау тетіктерін де айтарлықтай күшейтеді. Атап айтқанда, қызметтік қажеттілікке байланысты басқа жерге ауысқан мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы төлеу, тұрғын үйге байланысты төлемдер беру және мүлкті тасымалдауға жұмсалған шығындарды өтеу көзделген.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері де кеңейтілді. Басқа өңірге қызметтік ауысу кезінде көтерме жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және көшу шығындарын өтеу қарастырылған. Сондай-ақ мемлекеттік қызметте кемінде 25 жыл еңбек етіп, мемлекеттік немесе ведомстволық награда алған қызметкерлерге зейнетке шыққанда төрт лауазымдық жалақы көлемінде біржолғы сыйақы төленеді.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты қосымша ақы төленетін еңбек демалысы енгізіледі. Атап айтқанда, еңбек өтілі 10 жылдан асқан мемлекеттік қызметшілерге – 3 күнтізбелік күн, 15 жылдан асқан жағдайда – 5 күнтізбелік күн, ал 20 жылдан асқан кезде 10 күнтізбелік күн көлемінде қосымша демалыс беріледі.

Еңбек өтіліне байланысты қосымша ақылы демалыс енгізіліп, отбасылық маңызды жағдайларда жылына 10 күнге дейін ақылы қысқа мерзімді демалыс беру көзделген.

Мемлекеттік қызметшілердің материалдық әл-ауқатын арттыру мақсатында олардың жалақысын әр үш жыл сайын индекстеу нормасы енгізілген. Бұл инфляциялық үдерістерді ескере отырып, мемлекеттік қызметтің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға және кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметке қабілетті, білімді әрі талантты жастарды тарту мақсатында мемлекеттік қызметке даярлау институтын енгізу көзделген. Аталған бастама жас мамандарды ерте кезеннен кәсіби даярлауға, олардың басқарушылық қызыреттерін дамытуға және мемлекеттік аппараттың сапалы кадрлық резервін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, жаңа заң мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуге және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Маңғыстау облысы
бойынша департаментінің
басшысы.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІНДЕГІ САҚТЫҚ – ӨМІРДІ САҚТАЙДЫ



ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ – ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕҢ ҚАУІПТІ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ БІРІ. ОСЫНДАЙ ЖЕРЛЕРДЕ ЖҮРГІЗУШІНІҢ БІР СӘТТІК САЛҒЫРТТЫҒЫ ОРНЫ ТОЛ-МАС ӨКІНІШКЕ ӨКЕЛУІ МҮМКІН. СОНДЫҚТАН ТЕМІРЖОЛДАН ӨТУ КЕЗІНДЕ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ – ӘРБІР ЖҮРГІЗУШІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ.

Өкінішке қарай, жүргізушілердің жол белгілерін елемейі мен сақтық танытпау салдарынан жол-көлік оқиғалары әлі де тіркелуде. Маңғыстау облысында соңғы бес жылда теміржол өткелдері мен белгіленбеген орындарда 7 жол-көлік оқиғасы орын алған.

Атап айтқанда, 2020 жылы Маңғыстау–Жаңаөзен учаскесінің бекет Р – Боржақты стансасы аралығындағы 13 шақырымдағы күзетпесіз теміржол өткелінде жүк пойызы «Nissan Teana» автокөлігімен соқтығысып, жүргізуші жеңіл жарақат алды. Сол жылы Жетібай–Жаңаөзен аралығының 158 шақырымындағы белгіленбеген орында жүк пойызы УАЗ автокөлігімен соқтығысты.

2021 жылы екі жол-көлік оқиғасы тіркелді. Оның бірі бекет Р – Боржақты стансасы аралығындағы 13 шақырымдағы күзетпесіз теміржол өткелінде жүк пойызының «Nissan Maxima» автокөлігімен, екіншісі Маңғыстау–Бей-

неу учаскесінің бекет №14 – Шетпе аралығының 316 шақырымындағы белгіленбеген орында жолаушылар пойызының УАЗ автокөлігімен соқтығысуы болды. Екі жағдайда да адам шығыны тіркелген жоқ.

2023 жылы дәл осы бекет Р – Боржақты стансасы аралығындағы 13 шақырымдағы күзетпесіз теміржол өткелінде тағы екі оқиға орын алды. Жүк пойызы «ВАЗ-21015», ал «Toyota Camry Avensis» автокөлігімен соқтығысты. Сондай-ақ 2025 жылы осы өткелде жүк пойызы «Lexus ES-300» жеңіл автокөлігімен соқтығысты. Бұл оқиғаларда адам шығыны болған жоқ.

Аталған жол-көлік оқиғаларының басты себептері – жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, теміржол өткеліндегі жол белгілерін елемейі және асығыстыққа жол беруі.

Осыған байланысты Маңғыстау жол дистанциясы жүргізушілерді теміржол өткелінен өту кезінде ерекше мұқият болуға шақырады. Әсіресе «2.5 Аялдасыз қозғалысқа тыйым салынады» жол белгісінің талабын бұлжытпай орындап, міндетті түрде тоқтап, пойыздың жоқтығына көз жеткізгеннен кейін ғана қозғалысты жалғастыру қажет.

Теміржолда қауіпсіздік талаптарын сақтау – заң талабы ғана емес, адам өміріне деген жауапкершілік. Әрбір жүргізуші жолда өзін ғана емес, өзгенің де өмірін ойлауы тиіс. Сіздің өміріңіз біз үшін маңызды. Сізді үйіңізде отбасыңыз күтіп отыр.

МАҢҒЫСТАУ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
БӨЛІМШЕСІ, МАҢҒЫСТАУ
ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫ.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ. ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАМАУДЫҢ САЛДАРЫНАН ОРЫН АЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ЖҮРГІЗУШІЛЕР ДЕ, ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ДЕ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАУЫ ҚАЖЕТ.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ – ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басым бағыттарының бірі. Осыған орай аудан көлемінде 2026 жылдың 11-16 шілде аралығында «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру және жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы бағытта полиция қызметкерлері жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жол қозғалысы ережелерінің сақталуына бақылауды күшейтті.

Іс-шара барысында жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу, жүргізушілердің жол тәртібін сақтауын бақылау, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізілді.

Әсіресе мас күйінде көлік басқару, қауіпсіздік белдігін тағу, сондай-ақ көлік жүргізу кезінде ұялы телефонды пайдаланбау – әрбір жүргізушінің міндеті. Ал жаяу жүргіншілер жолды тек арнайы өткел арқылы және бағдаршамның рұқсат еткен белгісімен кесіп өтуі тиіс.

Тәжірибе көрсеткендей, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері – белгіленген жылдамдықты асыру, қарсы қозғалыс жолағына шығу, қауіпсіз арақашықтықты сақтамау, мас күйінде көлік басқару және жаяу жүргіншілердің жолды белгіленбеген жерлерден кесіп өту. Осындай құқық бұзушылықтардың әрқайсысы адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Жыл басынан бері балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының саны артуда және жаз мезгілі басталғалы самокатпен және велосипедтермен болатын жол-көлік оқиғалары көптеп тіркелуде. Осыған орай адамдар көп шоғырланатын орындарда полиция қызметкерлері түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, самокаттар мен велосипедтерді пайдалану кезінде жол ережесін қатаң сақтау қажеттігін ескертуде.

Іс-шара кезінде жол ережесінің қағидаларын өрескел бұзған тұлғаларды анықтау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Жол қозғалысы ережелерін сақтау – тек заң талабы ғана емес, адам өміріне деген жауапкершіліктің көрінісі. Әрбір сақталған ереже – бір адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Барша жол қозғалысына қатысушыларды жолда мұқият болып, өзара сыйластық танытуға және жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз. Қауіпсіз жол – өзімізден басталады!

Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтары! Заң талаптарын сақтап, жолда мұқият әрі жауапты болайық. Жол қозғалысы ережелерін сақтау – өз өміріңізді және өзгенің өмірін қорғаудың ең сенімді жолы.

Иса БЕКЕСОВ,
аудандық полиция бөлімі Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі бастығының орынбасары.

ТӘРБИЕ

БАЛАНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ-ДЕРДІҢ БІРІ – МЕКТЕП-КЕ ДЕЙІНГІ ШАҚ. ДӨЛ ОСЫ УАҚИТТА ОНЫҢ МІНЕЗІ ҚАЛЫПТАСЫП, ДҮНИЕТАНЫМЫ КЕҢЕЙІП, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ДЕГЕН ҚЫ-ЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АР-ТАДЫ. СОНДЫҚТАН БАЛАБАҚША – БҮЛДІР-ШІННІҢ АЛҒАШҚЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАТАР АЛАТЫН, ТҮЛ-ҒА БОЛЫП ҚАЛЫП-ТАСУЫНА НЕГІЗ ҚАЛАЙТЫН ҚАСИЕТТІ ОРТА.

БАҚЫТ БАСТАУЫ – БАЛАБАҚША

Бүгінгі балабақша – тек балаларға қарау орны емес, жан-жақты дамытатын білім мен тәрбие орталығы. Мұнда әрбір күн жаңа әсерге, қызықты ойындарға, танымдық іс-әрекеттерге толы. Тәрбиешілер баланың жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді қолданып, олардың шығармашылық қабілетін, тіл байлығын, ойлау қабілетін және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Балабақшадағы тәрбиенің басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ізетті, білімге құштар, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Сол себепті оқу қызметімен қатар ұлттық ойындар, салт-дәстүрге негізделген тәрбиелік шаралар, шығармашылық байқаулар мен мерекелік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар балалардың туған жерге, ана тіліне, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады.

Баланың тұлға болып қалыптасуында



отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың маңызы ерекше. Ата-ана мен тәрбиеші бірлесіп әрекет еткенде ғана тәрбиенің нәтижесі жоғары болады. Ашық қарым-қатынас, өзара сенім мен ортақ мақсат баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Балабақша – мейірім мен қамқорлықтың, шат күлкі мен балалық бақыттың мекені. Осында бүлдіршіндер алғашқы достарын тауып, өз қабілеттерін ашып, өмірге қажетті қарапайым да маңызды дағдыларды меңгереді. Бүгінгі бақытты балабақша тәрбиеленушісі – ертенгі білімді, елжанды, жауапкершілігі мол азамат.

Ендеше, «Баланың бақыт мекені – балабақша» деген сөздің мәні терең. Себебі балабақшада қаланған тәрбиенің іргетасы баланың болашақ өміріне берік негіз болады.

Сандугач КАЛЫМБЕТОВА,
«Аяла» балабақшасының тәрбиешісі.

Меншік иесі:

Директор

Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.

Редактор – Таңат АМАЛБАЕВ.
Тілшілер: – Үміт ҚАЗДАЕВА,
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында беттелді

Үйлестіруші – Гүлнара Тасболатова.
Беттеуші дизайнерлер – А.Рабаева,
Ш.Аязбаева

«Neon City» ЖШС
баспаханасында басылды.
Баспахана басшысы Александр Ложков
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.

■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.

■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Таралымы: 2364. Индекс: 65690.
Тапсырыс: 139 Газет бағасы келісімді.

АУАРАЙЫБОЛЖАМЫ

21 ШІЛДЕ
түнде: +25 күндіз: +34

22 ШІЛДЕ
түнде: +25 күндіз: +37

23 ШІЛДЕ
түнде: +27 күндіз: +39

24 ШІЛДЕ
түнде: +27 күндіз: +40

25 ШІЛДЕ
түнде: +28 күндіз: +38

Редакцияның мекен-жайы: 130100, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, №10/1 үйі («Акиматсервис» мемлекеттік мекемесінің ғимараты) Тел. факс: 872932 (2-11-57) e-mail: rauan_r@inbox.ru

СМУК